З посудомийної машини не зливається вода.	• Програму миття ще не завершено. • Перегин зливного шланга *(див. Встановлення).* • Забився зливний отвір мийки. • Фільтр засмічений залишками їжі. • Перевірити висоту зливного шлангу.
Чутні шуми під час миття.	• Посуд стикається між собою або з розпилювачами. Правильно завантажити посуд і перевірити, що розпилювачі вільно обертаються. • Надмірне піноутворення: помилкове дозування миючого засобу, або миючий засіб не придатний для посудомийної машини. *(див. Миючий засіб і використання посудомийної машини)* Не виконувати попереднє миття вручну.
На посуді та склянках помітний вапняний накип або білуваті розведення.	• Як завантажити регенераційну сіль. • Невідповідне налаштування жорсткості води; збільшити значення. *(Див. Регенераційна сіль і ополіскувач),* • Погано закручена кришка контейнеру для солі і ополіскувача. • Закінчився ополіскувач, або недостатнє його дозування.
На посуді і склянках помітні синюваті розведення.	• Надмірна кількість ополіскувача.
Кухонне начиння не виходить досить сухим.	• Було задано програму без сушіння. • Закінчився ополіскувач. *(див. Регенераційна сіль і ополіскувач),* • Помилкове регулювання ополіскувача. • Посуд з антипригарного або з пластикового матеріалу; è водяні краплі є цілком нормальним явищем.
Посуд залишився забрудненим.	• Посуд не дуже добре розташований. • Розпилювачі не обертаються через блокування посудом. • Дуже делікатна програма миття *(див. Програми).* • Надмірне піноутворення: помилкове дозування миючого засобу, або миючий засіб не придатний для посудомийної машини. *(див. Миючий засіб і використання посудомийної машини)* • Кришка ополіскувача не закручена належним чином. • Фільтр забруднений або засмічений *(див. Технічне обслуговування і догляд).* • Відсутня регенераційна сіль *(див. Ополіскувач та регенераційна сіль).* • Переконатися, що висота тарілок відповідає розмірам коробу. • Засмічені отвори розпилювачів. *(див. Догляд та очищення).*
Посудомийна машина не завантажує воду. заблокована, блимають індикатори	• Відсутня вода у водопровідній мережі або закритий кран. • Перегин труби для подачі води *(див. Встановлення).* • Засмічені фільтри, необхідно очистити їх. *(див. Догляд та очищення).* • Засмічений зливний отвір, необхідно очистити його. • Після перевірок і очищення вимкнути і знову увімкнути посудомийну машину, щоб запустити новий цикл миття. • Якщо проблема залишається, слід закрити водопровідний кран, вимкнути вилку з електричної розетки і звернутися у сервісний центр.

ТОВ «Індезіт Україна»
Україна, 01001, м. Київ, пров. Музейний, 4

Орнату

KZ

⚠ Құрылғыны жылжыту керек болса, оны тік ұстаңыз; аса қажет болса, оны артқа қарай еңкейтуге болады.

Су желісіне қосу

⚠ Орнату үшін су жеткізу жүйесін тек білікті маман орындауы тиіс.

Ең қолайлы түрде орнату үшін судың кіріс және шығыс түтіктерін құрылғының оң немесе сол жағынан өткізуге болады.
Ыдыс жуу машинасы түтіктерді майыстырып немесе басып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Судың кіріс түтігін жалғау

- 3/4" суық не ыстық су қосылатын жерге (ең көбі 60 °C).
- Толығымен тазарғанша суды ағызып қойыңыз.
- Кіріс түтікті орнына мықтап бұрап, шүмекті жабыңыз.


⚠ Кіріс түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, мамандырылған дүкенге немесе куәландырылған маманға хабарласыңыз *(«Көмек» бөлімін қараңыз)*.

⚠ Судың қысымы Техникалық деректер кестесінде көрсетілген мәндер аралығында болуы тиіс — әйтпесе, ыдыс жуу машинасы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ Түтік майыстырылмағанына немесе басылмағанына көз жеткізіңіз.

Судың шығыс түтігін жалғау

Шығыс түтікті диаметрі кем дегенде 2 см су ағызу құбырына жалғаңыз. (A)
Шығыс түтігі қосылған жер еденнен немесе ыдыс жуу машинасы тұрған беттен 40–80 см қашықтықта болуы тиіс.



Судың шығыс түтігін шұңғылшаның ағызу түтігіне қоспас бұрын, пластикалық тығынды алып тастаңыз (B).

Су алып кетуден қорғау

Су алып кетуіне жол бермеу үшін, ыдыс жуу машинасы:
- қалыпсыз жағдайларда немесе құрылғының ішінен су ағып кеткен кезде су көзін бұғаттайтын арнайы жүйемен жабдықталған.

Сондай-ақ, кейбір үлгілер **New Acqua Stop*** деп аталатын қосымша қауіпсіздік құралымен жабдықталған, ол тіпті кіріс түтігінің жыртылып кеткенінде де су алып кетуден қорғайды.

* Тек кейбір үлгілерде бар.

ЕСКЕРТУ: ҚАУІПТІ КЕРНЕУ!

Судың кіріс түтігін ешбір жағдайда қиюшы болмаңыз, себебі онда ток өтетін электр бөліктер бар.

Токқа жалғау

Айырды розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:
- Розетка **жерге тұйықталған** және ағымдағы ережелерге сәйкес келеді.
- розетка құрылғының ең көп қуатына шыдай алады. Бұл мән есіктің ішкі жағында орналасқан деректер тілімшесінде көрсетілген *(«Құрылғы сипаттамасы» тарауын қараңыз);*
- Ток желісінің кернеуі деректер тілімшесінде көрсетілген мәндер ауқымында жатыр.
- Розетка құрылғының штепсельдік ұшына сәйкес келеді. Олай болмаса, куәландырылған маманды шақыртып, айырды ауыстырыңыз (*«Көмек» бөлімін қараңыз*). Ұзарту кабельдерін немесе бірнеше розетканы қолданбаңыз.

⚠ Құрылғы орнатылғаннан кейін, ток сымы мен розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

⚠ Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

⚠ Ток сымы зақымдалса, барлық ықтимал қатерлерден сақтану үшін оны өндіруші немесе оның өкілетті Техникалық көмек көрсету қызметі ауыстыруы керек. *(«Көмек» бөлімін қараңыз)*

⚠ Бұл ережелер орындалмаса, Компания кез келген жағымсыз оқиғаларға жауапты болмайды.

Орналастыру және түзулеу

1. Ыдыс жуу машинасын тегіс әрі қалыпты еденге орналастырыңыз. Еден тегіс болмаса, құрылғының алдыңғы аяқтарын реттеп, оны көлденең қалыпқа жеткізуге болады. Құрылғы дұрыс түзуленсе, ол қалыпты болады және жұмыс істеп тұрған кезде жылжу немесе діріл мен шуыл шығару мүмкіндігі аз болады.

2. Ыдыс жуу машинасын орнына орналастырмас бұрын, есікті ашып, түзілуі мүмкін конденсациядан қорғау үшін желімді мөлдір лентаны* ағаш тартпаның астына жабыстырыңыз.

3. Ыдыс жуу машинасының жандары немесе артқы панелі жақындағы шкафтармен немесе қабырғамен тиетіндей түрде орналастырыңыз. Бұл құрылғыны тіпті бір үстелдің үстіңгі тақтайының астына да кіргізуге болады* *(Орнату бойынша нұсқаулық парағын қараңыз)*.

4*. Артқы аяқтың биіктігін реттеу үшін ыдыс жуу машинасының құрылғының алдыңғы жағындағы төменгі орта бөлігінде 8 мм тесігі бар алты бұрышты гайка кілтін (қызыл түсті) бұраңыз. Сағат тілі бағытымен бұрсаңыз биіктік артады, ал сағат тіліне қарсы бағытта бұрсаңыз, биіктік азаяды. *(осы құжаттамада берілген Ендіру нұсқаулығын қараңыз)*

Бірінші жуу циклына қатысты кеңес
Орнатқаннан кейін тартпалардан тығындарды *(бар болса)*, жоғарғы тартпада қалған эластикалық элементтерді алып тастаңыз.

Су жұмсартқышының параметрлері
Алғашқы жуу циклын бастамас бұрын су желісінен келетін судың қаттылық деңгейін орнатыңыз. *(«Шаюға көмекші зат және тазаланған тұз» тарауын қараңыз).*
Алдымен су құйылған жұмсартқыш ыдысын салыңыз, одан кейін шамамен 1 кг тұз қосыңыз. Су асып, ағып кетсе, ештеңе етпейді.
Бұл процедура аяқталар-аяқталмас жуу циклын іске қосыңыз.
Ыдыс жуу машиналарына арналып жасалған тұзды ғана қолданыңыз.
Тұз машинаға құйылғаннан кейін, ТҰЗ АЗ индикатор шамы* сөнеді.

⚠ Тұз контейнері толтырылмаса, нәтижесінде су жұмсартқышы мен жылыту бөлігі зақымдалуы мүмкін.

Құрылғыда пайдаланушыға пәрмен қолданылғанын білдіруге арналған сигнал/үндер жиыны бар *(ыдысы жуу машинасының үлгісіне байланысты)***: қосу, цикл соңы, т.б.**

Басқару тақтасындағы/дисплейдегі таңбалардың/индикатор шамдарының/диодтардың түсі әр түрлі және жыпылықтай немесе тұрақты жарығы болуы мүмкін *(ыдыс жуу машинасының үлгісіне байланысты).*

Дисплейде жуу циклының түрі, кептіру/жуу циклының кезеңі, қалған уақыт, температура және т.б. қатысты пайдалы ақпарат беріледі.

KZ Көмек

Көмек қызметіне хабарласпас бұрын:
- Проблеманы Ақаулықтарды жою нұсқаулығын қолдана отырып шешуге болатынын, не болмайтынын тексеріңіз (*«Ақаулықтарды жою» бөлімін қараңыз*).
- Бағдарламаны қайта іске қосыңыз да, проблема кеткенін тексеріңіз.
- Проблема шешілмесе, Куәландырылған техникалық көмек беру қызметіне хабарласыңыз.

⚠ **Куәландырылмаған мамандарға қызмет көрсеткізбеңіз.**

Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:
- Проблеманың түрі
- Құрылғының моделі (Мод.).
- Сериялық нөмірі (С/н).

Бұл ақпаратты құрылғының деректер тілімшесінде табуға болатын (*«Құрылғының сипаттамасы» бөлімін қараңыз*).

* Тек кейбір үлгілерде бар.

Құрал:	Ыдыс жуу машинасы
Сауда атауы	Hotpoint ARISTON
Өндірушінің сауда белгісі	
Үлгі	LSFF 9H124
Дайындаған	Indesit Company
Өндірілген елі	Польшада жасалған
Сыйымдылығы	**10** дастархан жабдығы
Өлшемдері	Ені 45 см Биіктігі 85 см Тереңдігі 60 см
Ток желісіндегі кернеудің немесе кернеулер ауқымының номиналды мәні	220-240 В ~
Электр токтың стандартты түрі немесе айнымалы токтың номиналды жиілігі	50 Гц
Су қысымы	0,05-1 МПа (0,5-10 бар) 7,25-145 фунт/шаршы дюйм
Сақтандырғыш	Жабдықтың техникалық деректер кестесін қараңыз
Жуу сыныбы	A
Кептіру сыныбы	A
Қуат тұтыну сыныбы	A
Электр ток тұтынуы	0,74 кВт/сағат
Стандартты жуу циклының су тұтынуы	9 литр
Электр токтан қорғау сыныбы	I қорғау сыныбы
IPX0 Қарастырылудағы құрал бойынша сәйкестік куәліктері туралы қосымша ақпарат немесе сәйкестік куәлігінің көшірмесі қажет болса, cert.rus@indesit.com электрондық пошта мекенжайына сұрау жіберуіңізге болады.	Жабдық төмендегі Еуропа экономикалық қауымдастығының директиваларына сәйкес келеді: - 2006/95/EC (“төмен кернеу”) - 2004/108/EC (“электр магниттік үйлесімділік”) - 2009/125/EC (“Comm. Reg. 1016/2010”) (Экодизайн) - 97/17/EC (Белгілеу) - 2012/19/EU («Қоқыс электр және электрондық жабдық») **«Орама мен оның бөлшектері тағамға тимеуі тиіс»**
Осы құралдың өндірілген күнін штрих-кодта көрсетілген сериялық нөмірден табуға болады (S/N XXXXXXXXX * XXXXXXXXXXX), яғни:	- Сериялық нөмірдегі 1-сан жылдың соңғы санын білдіреді. - Сериялық нөмірдегі 2- және 3-сан айдың реттік нөмірін білдіреді. - Сериялық нөмірдегі 4- және 5-сан айтылған ай мен жылдың күнін білдіреді.


Өндіруші:	Indesit Company S.p.A.
	Viale A. Merloni 47, 60044 Fabriano (AN), Италия
Импорттаушы:	OOO Indesit RUS
Сұрақтарыңыз бар болса, мына мекенжайға хабарласыңыз (Ресейде):	01.01.2011 күніне дейін: Павильон 46, ВВЦ, проспект Мира, 129223 Мәскеу, Ресей 01.01.2011 күнінен кейін: корпус 1, 12-үй, Двинцев көшесі, 127018 Мәскеу, Ресей

Құрылғы сипаттамасы

Hotpoint ARISTON


KZ

Жалпы шолу



1. Жоғарғы тартпа
2. Жоғарғы тозаңдатқыш өзекше
3. Қайырмалы бөлімшелер
4. Тартпаның биіктігін реттеу құралы
5. Төменгі тартпа
6. Төменгі тозаңдатқыш өзекше
7. Ыдыс-аяқ себеті
8. Жуу сүзгісі
9. Тұз диспенсері
10. Жуғыш зат пен шаюға көмекші зат диспенсерлері
11. Деректер тілімшесі
12. Басқару тақтасы***

Басқару тақтасы



Дисплей



*** Тек толығымен ішке салынатын үлгілерде * Тек кейбір үлгілерде бар.

Ыдыс жуу машинасының үлгісіне байланысты жуу циклдарының саны мен түрі және опциялар әртүрлі болуы мүмкін.

Тазаланған тұз және шаюға көмекші зат

KZ


⚠ **Ыдыс жуу машиналарына арналып жасалған өнімдерді ғана қолданыңыз. Ас тұзын немесе техникалық тұзды қолдануға болмайды.**
Орамада берілген нұсқауларды орындаңыз.

⚠ **Көп функциялы өнім қолданылса, бәрбір тұз қосқан жөн, әсіресе су қатты немесе өте қатты болса.** *(Орамада берілген нұсқауларды орындаңыз.)*

⚠ **Тұз немесе шаюға көмекші затты қоспасаңыз, ТҰЗ АЗ* және ШАЮҒА КӨМЕКШІ ЗАТ АЗ* индикатор шамдары жанып тұра береді.**

Тазаланған тұзды өлшеу

Тұз қолданылса, ыдыста және құрылғының функциялық құрамдас бөліктерінде ҚАҚ түзілмейді.
• Тұз диспенсері ешқашан бос болмауы керек.
• Су қаттылығын орнату маңызды.
Тұз диспенсері ыдыс жуу машинасының төменгі бөлігінде орналасқан *(«Сипаттама» бөлімін қараңыз)* және мына жағдайларда толтырылуы тиіс:
• ШАЮҒА КӨМЕКШІ ЗАТ АЗ индикатор шамы басқару тақтасында жанған кезде *;
• Тұз диспенсерінің қақпағында жасыл қалтқы* көрінбей кеткен кезде.
• Су қаттылығының кестесіндегі автономдықты қараңыз.



1. Төменгі тартпаны шығарып алып, контейнер қақпағын бұрап шығарып алыңыз (сағат тіліне қарсы бағытта).
2. Мұны тек бірінші рет орындаған кезде: су диспенсерін мойнына дейін толтырыңыз.
3. Воронканы орналастырып *(суретті қараңыз)*, тұз контейнерін шетіне дейін толтырыңыз (оған шамамен 1 кг сыюы тиіс); біраз су ағып кетсе ештеңе етпейді.
4. Воронка алып тастап, тесікте қалып қойған тұзды сүртіп алыңыз; қақпақты су ағынында шайып, орнына бұраңыз.
Контейнерге тұз қосқан сайын бұл процедураны орындаған жөн.
Жуу циклы барысында контейнерге жуғыш зат кіріп кетпейтіндей қақпақ мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз (әйтпесе, су жұмсартқышы жөндеуге келмейтіндей бұзылуы мүмкін).

⚠ Тұз қосу процедурасын жуу циклы басталмай тұрып орындаған жөн.

Судың қаттылығын орнату


Су жұмсартқышы тиісті түрде жұмыс істеуі үшін су қаттылығын үйіңіздегі мәнге сәйкес орнату маңызды. Бұл ақпаратты жергілікті су жеткізушіден сұраңыз. Зауытта орташа су қаттылығына орнатылады.
• Қосу/өшіру түймесімен ⏻ ыдыс жуу машинасын қосыңыз.
• Оны Қосу/өшіру түймесімен ⏻ өшіріңіз
• Бастау/тоқтата тұру түймесін ⏯ сигнал естілгенше 5 секунд басып тұрыңыз.
• Оны Қосу/өшіру түймесімен ⏻ қосыңыз
• Дисплейде ағымдағы таңдалған деңгей нөмірі мен тұз индикаторының шамы көрсетіледі.
• Қажетті қаттылық деңгейін таңдау үшін **P** түймесін басыңыз *(Қаттылық кестесін қараңыз).*
• Оны Қосу/өшіру түймесімен ⏻ өшіріңіз
• Орнату аяқталды!

Су қаттылығының кестесі				Орташа автономдық-күніне 1 жуу циклы орындалған жағдайдағы тұз диспенсері
деңгей	°dH	°fH	ммоль/л	ай
1	0 - 6	0 - 10	0 - 1	7 ай
2	6 - 11	11 - 20	1,1 - 2	5 ай
3	12 - 17	21 - 30	2,1 - 3	3 ай
4	17 - 34	31 - 60	3,1 - 6	2 ай
5*	34 - 50	61 - 90	6,1 - 9	2/3 апта
0°f мен 10°f аралығындағы мәндер үшін тұзды қолдану * ұсынылмайды. «5» параметрі цикл мерзімін ұзартуы мүмкін.				

(°dH = Герман дәрежелерінде өлшенген қаттылық - °f = Француз дәрежелерінде өлшенген қаттылық – ммоль/л = бір литрдегі миллимоль)

Шаюға көмекші затты өлшеу

Шаюға көмекші зат ыдыстың КЕБУІНЕ көмектеседі. Шаюға көмекші зат диспенсері мына жағдайларда толтырылуы тиіс:
• ШАЮҒА КӨМЕКШІ ЗАТ АЗ индикатор шамы тақтада/дисплейде жанған кезде *;
• Диспенсер есігіндегі "**E**" қою түсті оптикалық индикатор* мөлдірленген кезде.



1. Қақпақты (**G**) сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы диспенсерді ашыңыз.
2. Диспенсерден толып ағып кетпеуіне назар аудара отырып, шаюға көмекші затты құйыңыз. Бұл орын алса, төгілген сұйықтықты құрғақ шүберекпен дереу сүртіп алыңыз.
3. Қақпақты орнына бұраңыз.
Шаюға көмекші затты құрылғының ішіне тікелей ЕШҚАШАН құюшы болмаңыз.

Шаюға көмекші заттың мөлшерін реттеу

Кептіру нәтижесіне толығымен қанағат болмасаңыз, қолданылатын шаюға көмекші заттың мөлшерін реттеуіңізге болады. **"F"** реттегішін бұраңыз. Ыдыс жуу машинасының үлгісіне байланысты ең көбі 4 деңгей орнатуға болады. Зауытта орташа деңгейге орнатылады.

• Ыдыс-аяқта көкшіл сызықтар бар болса, төменірек санды орнатыңыз (1-2).
• Ыдыс-аяқта су тамшылары немесе қақ дақтары болса, жоғары санды орнатыңыз (3-4).

Тартпаларды жүктеу

Кеңестер

Тартпаларды жүктемес бұрын, ыдыс-аяқтан барлық тамақ қалдықтарын тазалаңыз және стақандар мен ыдыстардан сұйықтықтарды төгіңіз. **Ағын су астында алдын ала шаюдың қажеті жоқ.**

Ыдыс-аяқ мықтап орнында ұсталып тұратындай және құлап кетпейтіндей орналастырыңыз; және ыдыстарды ауызын төмен қаратып, дөңес бөліктерін еңкейтіп қойыңыз, сонда су барлық беттерге тиіп, еркін түрде ағады.

Қақпақтар, тұтқалар, науалар және табалар тозаңдатқыш өзекшелердің бұрылуына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Кіші заттарды ыдыс-аяқ себетіне қойыңыз.


Пластмасса ыдыстар мен жабыспайтын табаларда су тамшылары көбірек қалатындықтан, олар керамикалық немесе тот баспайтын болаттан жасалған ыдыстарға қарағанда сондай жақсы кеппейді.

Пластмассадан жасалған ыдыстар сияқты жеңіл заттарды жоғарғы тартпаға қойып, жылжымайтындай орналастырылуы тиіс.


Құрылғыны жүктегеннен кейін, тозаңдатқыш өзекшелер еркін жылжи алатынына көз жеткізіңіз.

Төменгі тартпа

Төменгі тартпаға кастрөлдерді, қақпақтарды, тәрелкелерді, салат ыдыстарын және т.б. салуға болады. Үлкен тәрелкелер мен қақпақтарды тартпаның шет жақтарына қойған жөн.



Қатты ластанған табақтар мен кастрөлдерді төменгі тартпаға қою керек, себебі бұл жерде су қатты шашырайды да, жуу өнімділігі жоғары болады.



Бірнеше ыдыс жуу машинасы қайырмалы бөлімшелермен жабдықталған*.


Оларды табақтарды орналастырған кезде тік күйде немесе табалар мен салат ыдыстарын оңай орналастыру үшін көлденең күйде (төменгі) қолдануға болады.

Кейбір модельдер Тік аумақпен, яғни тартпаның артқы жағындағы арнайы шығарылатын тіректермен* жабдықталады; оларды табалар мен жайпақ табаларды тік күйде тіреп қойып, орын үнемдеу үшін қолдануға болады.

Оны қолдану үшін, түрлі-түсті тұтқасынан ұстап, алға қарай бұрап отырып, жоғары қарай суырыңыз. Ыдыс-аяқтың өлшеміне сәйкес келтіру үшін тіректерді оңға және солға сырғытуға болады.


Ыдыс-аяқ себеті

Төменгі тартпадағы орынды оңтайлы пайдалану үшін модульді себетті сырғытуға болады. Ол ыдыс-аяқты орналастыруды жеңілдететін үстіңгі торлармен жабдықталған.



Жоғарғы тартпа

Бұл тартпаға стақандар, шыныаяқтар, табақшалар мен тайпақ салат ыдыстары сияқты нәзік әрі жеңіл ыдыс-аяқтар салыңыз.




*Нөмірлері мен позициялары әр түрлі таңдаулы үлгілерде ғана бар.

KZ

Позициясы реттелетін қайырмалы бөліктер*


Ыдыс-аяқты тартпа ішінде оңтайлы түрде реттеу үшін шеткі қайырмалы бөліктерді үш биіктікке орналастыруға болады.



Шарап бокалдарын аяғын тиісті тесікке салу арқылы қайырмалы бөліктерге қауіпсіз түрде орналастыруға болады.
Оңтайлы кептіру нәтижесіне қол жеткізу үшін қайырмалы бөліктерді көбірек еңкейтіңіз. Еңкейту деңгейін өзгерту үшін, қайырмалы бөлікті суырып алып, аздап сырғытыңыз да, қалауыңызша орналастырыңыз.


Науа*

Кейбір ыдыс жуу машина үлгілері кіші шыныаяқтарды немесе ас құралдарын ұстап тұруға қолданылатын сырғымалы науамен жабдықталған.
Жуу өнімділігі оңтайлы болуы үшін үлкен ыдыс-аяқты науаның дәл астына қоймаңыз. Ас құралдары науасын алып тастауға болады *(Суретті көріңіз).*



Жоғарғы тартпаның биіктігін реттеу

Жоғарғы тартпаның биіктігін реттеуге болады: үлкен ыдыс-аяқты төменгі тартпаға қою үшін жоғарғы позиция және жоғары жақта көбірек орын қалдыру арқылы қайырмалы бөліктерді барынша пайдалану үшін төменгі позиция.
Жоғарғы тартпаның биіктігі ТАРТПА БОС БОЛҒАНДА реттелуі керек.
Тартпаны тек бір жағынан көтеріп немесе төмендетіп қоюшы болмаңыз.



Тартпа **Көтеру құралымен*** *(суретті қараңыз)* жабдықталған болса, оны екі жағынан ұстап көтеріңіз. Төменгі позицияға қайтадан қою үшін тартпаның шеттеріндегі тұтқаларды (**A**) басып, тартпаны төмендетіңіз.

Лайықсыз ыдыс-аяқ

- Ағаштан жасалған ыдыс-аяқ пен ас құралдары.
- Безендірілген нәзік стақандар, қолдан жасалған бұйымдар және көне ыдыс-аяқ. Олардың әшекейі төзімді емес.
- Жоғары температураға төзімді емес синтетикалық материалдан жасалған бөліктер бар ыдыс-аяқ.
- Мыс пен қалайыдан жасалған ыдыс-аяқ.
- Күл, балауыз, майлайтын май немесе сиямен ластанған ыдыс-аяқ.

Жуу процесі барысында әсем шыны мен алюминий/күміс заттардың түсі өзгеріп, өңіп кетуі мүмкін. Сондай-ақ, бірнеше рет жуғаннан кейін кейбір шыны түрлері (мысалы, хрусталь) бұлыңғыр болып кетуі мүмкін.

Шыны мен ыдыс-аяқтың зақымдалуы

Себебі:

- Шыны мен шыны шығару процесінің түрі.
- Жуғыш заттың химиялық құрамы.
- Шаю циклындағы су температурасы.

Кеңестер:

- Өндіруші ыдыс жуу машинасында жууға болатынына кепілдік берген шыны мен фарфорды қолданыңыз.
- Ыдыс-аяққа қолайлы нәзік жуғыш зат қолданыңыз.
- Стақандар мен ыдыс-аяқ жуу циклы аяқталған кезде дереу ыдыс жуу машинасынан шығарып алыңыз.

* Тек кейбір үлгілерде бар.

Жуғыш зат пен ыдыс жуу машинасын қолдану

Hotpoint ARISTON

KZ

Жуғыш затты өлшеу

Жақсы жуу нәтижелері жуғыш заттың дұрыс мөлшері қолданылғанына да байланысты болады. Белгіленген мөлшерден көп қолдану жуу тиімділігін арттырмайды және қоршаған ортаны көбірек ластауға әкеледі.


Мөлшерін ластану деңгейіне сәйкес реттеуге болады. Орташа ластанған заттар үшін шамамен 25 г (ұнтақ жуғыш зат) немесе 25 мл (сұйық жуғыш зат) қолданыңыз. Таблеткалар қолданылса, біреуі жеткілікті.

Ыдыс-аяқ аз ластанған болса немесе ыдыс жуу машинасына салынбас бұрын шайылған болса, жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз.

Жуу нәтижесі жақсы болуы үшін жуғыш зат қорабындағы нұсқауларды да орындаңыз.

Қосымша сұрақтарыңыз болса, жуғыш зат өндірушілеріне хабарласыңыз.

D түймесінің көмегімен жуғыш зат диспенсерін ашып, Жуу циклдарының кестесіне сәйкес жуғыш зат мөлшерін анықтаңыз:



• ұнтақ немесе сұйықтық: **A** (жууға арналған жуғыш зат) және **B** (алдын ала жууға арналған жуғыш зат) бөліктері

• таблеткалар: циклға 1 таблетка қажет кезде, оны A бөлігіне салып C қақпағын жабыңыз; 2 таблетка қажет болса, екінші таблетканы құрылғының түбіне салыңыз.

Бөліктің шетіндегі жуғыш зат қалдықтарын сүртіп алып, C қақпағы «тық» еткенше итеріп жабыңыз.

Жуғыш зат тартпасы жуу циклына сәйкес тиісті уақытта автоматты түрде ашылады.

Әмбебап жуғыш заттар қолданылса, TABS опциясын пайдаланған жөн, себебі ол циклды әрдайым ең жақсы жуу және кептіру нәтижелеріне қол жеткізетіндей реттейді.

⚠ **Ыдыс жуу машиналарына арналып жасалған жуғыш заттарды ғана қолданыңыз.**

Қолмен ыдыс жууға арналған сұйықтықты ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

Шамадан тыс жуғыш затты пайдалану цикл аяқталғанда құрылғы ішінде көбіктің қалуына әкелуі мүмкін.

Ең жоғары жуу және кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін, жуғыш затты, шаюға көмекші сұйықтықты және тазаланған тұзды бірге қолдану қажет.

Фосфаттарды немесе хлорды қамтымайтын жуғыш заттарды пайдаланған жөн, себебі бұл өнімдер қоршаған ортаға зиянды.

Ыдыс жуу машинасын іске қосу

1. Шүмекті ашыңыз.
2. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз.
3. Есікті ашып жуғыш заттың қолайлы мөлшерін құйыңыз *(«Жуғыш затты өлшеу» бөлімін қараңыз.)*
4. Тартпаларды жүктеңіз *(«Тартпаларды жүктеу» бөлімін қараңыз)*, одан кейін есікті жабыңыз.
5. **P** түймесін басу арқылы ыдыс-аяқ түрі мен оның ластану дәрежесіне сәйкес жуу циклын таңдаңыз *(Жуу циклдарының кестесін қараңыз)*.
6. Жуу опцияларын таңдаңыз* *(Опцияларды қараңыз).*
7. Циклды бастау үшін Бастау/тоқтата тұру түймесін басыңыз (шам жанып тұрады): ұзақ сигнал жуу циклы басталғанын білдіреді, циклдың индикаторы жанады және дисплейде цикл нөмірі мен циклдың аяқталуына қалған уақыт көрсетіледі.
8. Екі қысқа сигнал мен бір ұзақ сигнал жуу циклының аяқталғанын білдіреді, Бастау/тоқтата тұру түймесі өшеді және дисплейде **СОҢЫ** сөзі көрсетіледі. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
9. Ыдыс-аяқты бірнеше минуттан кейін ғана алыңыз күйіп қалмау үшін. Тартпаларды төменнен бастап босатыңыз.

⚠ **Токты барынша аз тұтыну үшін құрылғы ұзақ белсенсіздік кездерінде автоматты түрде өшеді.**

⚠ **АВТОМАТТЫ ЖУУ ЦИКЛДАРЫ***:кейбір ыдыс жуу машиналары ластану деңгейін анықтап, ең тиімді әрі үнемді жуу циклын автоматты түрде таңдауға мүмкіндік беретін арнайы датчикпен жабдықталған. Датчиктің жұмысына байланысты авто жуу циклдарының ұзақтығы әртүрлі болуы мүмкін.

Орындалып жатқан жуу циклын өзгерту

Жуу циклын таңдау барысында қате кеткен болса, цикл жаңа ғана басталған болған жағдайда, оны өзгерту мүмкін: жуу циклын өзгерту үшін, жуу циклы басталғаннан кейін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып ұстап тұру арқылы құрылғыны өшіріңіз. Сол түйменің көмегімен оны қайтадан қосып, қажетті жуу циклы мен опцияларды таңдаңыз.

Қосымша ыдыс-аяқ қосу

Қосу/тоқтата тұру түймесін басып, шыққан буға тимеуге тырысып есікті ашыңыз да, ыдыс-аяқты ыдыс жуу машинасының ішіне қойыңыз. Бастау/тоқтата тұру түймесін басыңыз: Ұзақ сигнал берілгеннен кейін цикл қайтадан басталады.

⚠ Кешіктіріп бастау орнатылған болса, кері санақтың соңында жуу циклы басталады. Ол Тоқтап тұру режимінде қалады.

⚠ Құрылғыны тоқтатып қою үшін Бастап/тоқтата тұру; жуу циклы тоқтайды.
Бұл кезде жуу циклын өзгерту мүмкін емес.

Кездейсоқ тоқтаулар

Жуу циклы орындалу барысында есік ашылса немесе ток өшіп қалса, цикл тоқтайды. Есік жабылғаннан немесе ток қосылғаннан кейін ол тоқтаған жерінен қайтадан іске қосылады.

* Тек кейбір үлгілерде бар.

Жуу циклдары

KZ

Жуу циклының дерегі EN-50242 Европалық стандартына сәйкес зертханалық жағдайда өлшенеді.
Әр түрлі қолдану шарттары негізінде жуу циклының ұзақтығы мен дерегі өзгеруі мүмкін.

⚠ **Ыдыс жуу машинасының үлгісіне байланысты жуу циклдарының саны мен түрі және опциялар әртүрлі болуы мүмкін.**

Жуу циклы	Кептіру	Опциялар	Жуу циклының ұзақтығы	Су тұтыну (л/цикл)	Қуат тұтыну (кВт/цикл)
1. Eco	Иә	Delay Start - Half Load - Tabs	03:00	9,0	0,74
2. Авто қарқынды AUTO	Иә	Delay Start - Half Load - Tabs	02:20 - 03:00	13,0 - 14,0	1,20 - 1,45
3. Авто қалыпты AUTO	Иә	Delay Start - Half Load - Tabs	01:40 - 02:20	13,5 – 14,5	1,00 - 1,15
4. Нәзік	Иә	Delay Start - Half Load - Tabs	01:40	9,0	0,85
5. Тез	Жоқ	Delay Start - Tabs	00:25	8,0	0,45
6. Good Night	Иә	Delay Start - Tabs	03:30	13,0	0,85
7.Суға салып қою	Жоқ	Delay Start - Half Load	00:10	4,0	0,01
8. Short Time	Иә	Delay Start - Tabs	01:20	15,5	1,10
9. Ultra Intensive	Иә	Delay Start - Half Load - Tabs	02:50	17,0	1,45

Жуу циклын таңдау және жуғыш зат мөлшерін анықтау нұсқаулары:

1. ЭКО жуу циклы – қуат белгісіндегі деректер нұсқап тұрған стандартты цикл. Оны ластану дәрежесі орташа ыдыс-аяқты жуу үшін қолдануға болады және осы ыдыс-аяқ түріне қуат пен суды ең тиімді түрде жұмсайды.
4 г/мл** + 21 г/мл – 1 таблетка *(**Алдын ала жуу кезінде қолданылатын жуғыш зат мөлшері)*

2. Қатты ластанған табақтар мен кастрөлдер (нәзік заттар үшін пайдаланылмауы тиіс). 25 г/мл – 1 таблетка

3. Күнделікті ластанудың шектеулі мөлшері (4 кісілік жинақтар үшін қолайлы) 25 г/мл - 1 таблетка

4. Жоғары температураға сезімтал нәзік заттарға арналған цикл 25 г/мл - 1 таблетка

5. Аздап кірленген ыдыстар үшін жылдам цикл қолданылады (2 кісілік жинақтар үшін қолайлы) 21 г/мл - 1 таблетка

6. Орташа ластанған ыдыс-аяқтар мен табаларға қолайлы жылдам жуу және кептіру циклы 25 г/мл - 1 таблетка

7. Келесі тамақтан табақтардың жүктелуінің аяқталуын күтіп тұрған кезде ыдыстарды алдын ала жуу. Жуғыш затсыз.

8. Орташа ластанған ыдыс-аяқтар мен табаларға қолайлы жылдам жуу және кептіру циклы 25 г/мл - 1 таблетка

9. Қатты ластанған табалар немесе қалдықтар кеуіп қалған кастрөлдер. 4 г/мл** + 25 г/мл – 1+1 таблетка

Күту күйіндегі тұтынуы: Қосылып тұру режиміндегі тұтынуы: 5 Вт - Жуу өшірулі режиміндегі тұтынуы: 0,5 Вт

Арнайы жуу циклдары мен опциялары

Hotpoint ARISTON

KZ

Ескертпелер:
«Тез» циклдарын қолданған кезде, оңтайлы нәтижеге ыдыс-аяқтың белгіленген мөлшерін жуу арқылы қол жеткізуге болады.

Тұтынуды одан әрі азайту үшін ыдыс жуу машинасын тек толтырып жұмыс істетіңіз.

Сынақ зертханаларына арналған ескертпе: салыстырмалы EN сынақ жағдайлары үшін төмендегі мекенжайға электрондық хат жіберіңіз: assistenza_en_lvs@indesitcompany.com

Жуу опциялары

Жуу циклы таңдалып, Бастау/Тоқтата тұру түймесі басылғанға дейін ғана ОПЦИЯЛАРДЫ орнатуға, өзгертуге немесе қайта орнатуға болады.

Орнатылған жуу циклының түрімен үйлесімді опцияларды ғана таңдауға болады. Опция таңдалған жуу циклына сәйкес келмесе *(Жуу циклдарының кестесін қараңыз)*, тиісті таңба 3 рет жылдам жыпылықтайды.

Басқа опциямен (бұрын таңдалған) үйлесімді емес опция таңдалса, ол 3 рет жыпылықтап өшеді, ал ең соңғы таңдалған опция жанып тұра береді.
Қателесіп орнатылған опцияны таңдаудан бас тарту үшін тиісті түймені тағы бір рет басыңыз.

Кешіктіріп бастау (Delayed Start)

Циклдың басталу уақытын **1** – **24** сағат аралығындағы бір мерзімге кешіктіруге болады:
1. Қажетті жуу циклы мен кез келген басқа опцияларды таңдап, КЕШІКТІРІП БАСТАУ түймесін басыңыз. Тиісті таңба жыпылықтай бастайды. Жуу циклы басталатын уақытты таңдау үшін + және - түймелерін қолданыңыз (h01, h02 және т.б.)
2. БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесімен растаңыз. Таңба жыпылықтауын тоқтатып, кері санақ басталады.
3. Уақыт аяқталғаннан кейін, КЕШІКТІРІП БАСТАУ таңбасы өшеді де, жуу циклы басталады.
КЕШІКТІРІП БАСТАУ опциясын алып тастау үшін КЕШІКТІРІП БАСТАУ түймесін **ӨШІРУЛІ** мәтіні көрсетілгенше басып тұрыңыз.

⚠ **Жуу циклы басталғаннан кейін Кешіктіріп бастау функциясын орнату мүмкін емес.**

1/2 Жоғарғы немесе төменгі тартпаны қолдана отырып жартылай жүктеу (Half Load)

Жуылатын ыдыс көп болмаса, су, ток пен жуғыш затты үнемдеу үшін жартылай жүктеу циклын қолдануға болады. Жуу циклын таңдап, одан кейін ЖАРТЫЛАЙ ЖҮКТЕУ түймесін басыңыз: таңдалған тартпаға сәйкес келетін индикатор жанып, тек жоғарғы немесе төменгі тартпада жуу циклы басталады.

⚠ **Тек жоғарғы немесе төменгі тартпаны жүктеуді және тиісті түрде жуғыш зат мөлшерін азайтуды ұмытпаңыз.**

Бірнеше функциясы бар таблеткалар (таблеткалар-Tabs)

Бұл опция жуу және кептіру нәтижелерін оңтайландырады. Бірнеше функциясы бар таблеткаларды қолданған кезде, БІРНЕШЕ ФУНКЦИЯСЫ БАР ТАБЛЕТКАЛАР түймесін басыңыз; тиісті таңба жанады. Түйме қайтадан басылса, опциядан бас тартылады.

⚠ **«Бірнеше функциясы бар таблеткалар» опциясы жуу циклының мерзімін ұзартады.**

* Тек кейбір үлгілерде бар.

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ

Су мен токты өшіру

- Су ағып кетпеуі үшін әрбір жуу циклынан кейін су шүмегін жауып отырыңыз.
- Құрылғыны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.

Ыдыс жуу машинасын тазалау


- Құрылғының сыртқы беттері мен басқару тақтасын сумен ылғалданған, абразивті емес шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті өнімдерді қолданбаңыз.
- Құрылғының ішіндегі кез келген салтақ іздерді сумен және аздап сіркемен ылғалданған шүберекпен кетіруге болады.

Жағымсыз иістердің алдын алу


- Құрылғының іші дымқылданып кетпеуі үшін оның есігін әрдайым біраз ашып ұстаңыз.
- Есік айналасындағы бекіткіштер мен жуғыш зат диспенсерлерін мерзімді түрде ылғал губкамен тазалап отырыңыз. Мұның нәтижесінде бекіткіштерде тамақ тұрып қалмайды, ал бұл жағдай жағымсыз иістердің пайда болуының негізгі себебі.

Тозаңдатқыш өзекшелерді тазалау

Тамақ қалдықтары тозаңдатқыш өзекшелердің бетіне қатып қалып, су шашатын тесіктерді бітеуі мүмкін. Сондықтан, өзекшелерді мерзімді түрде тексеріп, металсыз щеткамен тазаланып тұрғаны жөн.
Екі тозаңдатқыш өзекшені де шығарып алуға болады.



Жоғарғы тозаңдатқыш өзекшені шығарып алу үшін құлыптау сақинасын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
Жоғарғы тозаңдатқыш өзекшені тесіктерін жоғары қаратып қайтадан орнына қою керек.



Төменгі тозаңдатқыш өзекшені жоғары қарай тарту арқылы шығарып алуға болады.

Судың кіріс сүзгісін тазалау*

Су түтіктері жаңа немесе ұзақ уақыт бойы қолданылмаған болса, жалғамас бұрын олар арқылы су өткізіп, таза әрі ішінде қалдықтар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Бұл сақтық шарасы орындалмаса, судың кіріс бітеліп, ыдыс жуу машинасы зақымдалуы мүмкін.

⚠ Шүмек жағындағы судың кіріс сүзгісін мерзімді түрде тазалап отырыңыз.
- Су шүмегін жабыңыз.
- Судың кіріс түтігінің шетін босатып алыңыз, одан кейін сүзгіні алып, оны су ағыны астында жақсылап тазалаңыз.
- Сүзгіні орнына қойып, су түтігін орнына бұраңыз.

Сүзгілерді тазалау


Сүзгі жинағы суды тамақ қалдықтарын тазалайтын және одан кейін суды қайта айналдыратын үш сүзгіден тұрады. Әрбір жууда ең жақсы нәтижеге қол жеткізгіңіз келсе, оларды тазалау керек.


⚠ Сүзгілерді мерзімді түрде тазалап отырыңыз.


⚠ Ыдыс жуу машинасын сүзгісіз немесе сүзгі босап кеткен кезде пайдалануға болмайды.


• Бірнеше рет жуғаннан кейін, сүзгі жинағын тексеріңіз және қажет болса оны металсыз щеткамен әрі төмендегі нұсқауларды орындай отырып, су ағыны астында жақсылап тазалаңыз:

1. Цилиндрлік C сүзгісін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз да, суырып алыңыз (1-сурет).
2. Шыныаяқ B сүзгісін жиектері аздап басу арқылы шығарып алыңыз (2-сурет).
3. Тот баспайтын болат тілімше A сүзгісін суырып алыңыз (3-сурет).
4. Тұзақты қарап шығыңыз да, кез келген тамақ қалдықтарынан тазартыңыз. жуу циклының сорғысын **ЕШҚАШАН АЛУШЫ БОЛМАҢЫЗ** *(4-сурет)*.









Сүзгілерді тазалағаннан кейін, сүзгі жинағын орнына қойып, оны дұрыстап бекітіңіз; бұл ыдыс жуу машинасының тиімді жұмысы үшін өте маңызды.

Машинаны ұзақ уақыт пайдаланбауға қалдыру

- Құрылғыны токтан ағытып, су шүмегін жабыңыз.
- Құрылғы есігін сәл ашық қалдырыңыз.
- Қайтып келген кезде, ыдыс жуу машинасын бос ұстап жуу циклын іске қосыңыз.

* Тек кейбір үлгілерде бар.

Ақаулықтарды жою

Hotpoint ARISTON

KZ

Құрылғы дұрыс жұмыс істемей қалған кезде, Көмек қызметіне телефон соқпас бұрын төмендегі тізімнен шешімді іздеңіз.

Ақаулық:	**Ықтимал себептері / шешімдері:**
Ыдыс жуу машинасы іске қосылмайды немесе оны басқару мүмкін емес.	• Су шүмегі ашылмаған. • Құрылғыны ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы өшіріңіз, одан кейін оны бір шамамен бір минуттан кейін қосып, жуу циклын қайта орнатыңыз. • Құрылғы розеткаға дұрыс қосылмаған немесе басқа розетканы қолдану керек. • Ыдыс жуу машинасының есігі дұрыс жабылмаған.
Есік жабылмайды.	• Тартпалар толығымен салынғанына көз жеткізіңіз. • Құлып босатылған. «Тық» еткен дыбыс естілгенше есікті қатты итеріңіз.
Ыдыс жуу машинасынан су ағызылмайды.	• Ыдыс жуу машинасының циклы әлі аяқталмаған. • Су ағызу түтігі майысқан *(«Орнату» бөлімін қараңыз).* • Ағызу түтігі бітелген. • Сүзгі тамақ қалдықтарымен бітеліп қалған. • Ағызу түтігінің биіктігін тексеріңіз.
Ыдыс жуу машинасы шамадан тыс шуыл шығарады.	• Табақтар бір-біріне немесе тозаңдатқыш өзекшеге тиіп тарсылдайды. Ыдыстарды дұрыс орналастырып, тозаңдатқыш өзекшелер еркін айналатынына көз жеткізіңіз. • Көбік тым көп: жуғыш зат дұрыс өлшенбеген немесе ол ыдыс жуу машиналарында қолдануға қолайлы емес. *(«Жуғыш зат пен ыдыс жуу машинасын қолдану» бөлімін қараңыз.)* Ыдыстарды қолмен алдын ала жумаңыз.
Табақтар мен стақандардың бетінде ақ түсті қабықшамен немесе тат қалдықтарымен қапталған.	• Тазаланған тұз жоқ. • Су қаттылығының параметрі тиісті емес: қажетті мәндерді үлкейтіңіз. *(«Тазаланған тұз және шаюға көмекші зат» бөлімін қараңыз.)* • Тұз бен шаюға көмекші зат диспенсерінің қақпағы дұрыс жабылмаған. • Шаюға көмекші зат таусылған немесе оның мөлшерлемесі тым төмен.
Табақтар мен стақандар сызылған немесе реңгі көкшіл.	• Шаюға көмекші заттың мөлшерлемесі тым жоғары.
Ыдыс-аяқ дұрыс кептірілмейді.	• Кептіру бағдарламасы жоқ жуу циклы таңдалған. • Шаюға көмекші зат таусылған. *(«Тазаланған тұз және шаюға көмекші зат» бөлімін қараңыз.)* • Шаюға көмекші зат диспенсерінің параметрі қолайлы емес. • Ыдыс-аяқ жабыспайтын материалдан немесе пластиктен жасалған; су тамшылары болса, ештеңе етпейді.
Табақтар таза емес.	• Ыдыс-аяқ дұрыс реттелмеген. • Ыдыстар кедергі жасағандықтан, тозаңдатқыш өзекшелер еркін айналмайды. • Жуу циклы тым нәзік *(«Жуу циклдары» бөлімін қараңыз).* • Көбік тым көп: жуғыш зат дұрыс өлшенбеген немесе ол ыдыс жуу машиналарында қолдануға қолайлы емес. *(«Жуғыш зат пен ыдыс жуу машинасын қолдану» бөлімін қараңыз.)* • Шаюға көмекші зат бөлігіндегі қақпақ дұрыс жабылмаған. • Сүзгі кір немесе бітеліп қалған *(«Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» бөлімін қараңыз.)* • Тазаланған тұз деңгейі төмен *(«Шаюға көмекші зат және тұз» бөлімін қараңыз).* • Ыдыстардың биіктігі тартпаға сәйкес келетініне көз жетізіңіз. • Тозаңдатқыш өзекшелердегі тесіктер бітелген. *(«Күтім және техникалық қызмет көрсету» бөлімін қараңыз.)*
Ыдыс жуу машинасына су құйылмайды. Оны жыпылықтаған шамдар білдіреді.	• Су жүйесінде су жоқ немесе шүмек жабылған. • Судың кіріс түтігі майысқан *(«Орнату» бөлімін қараңыз).* • Сүзгілер бітелген: оларды тазалау қажет. *(«Күтім және техникалық қызмет көрсету» бөлімін қараңыз.)* • Ағызу түтігі бітелген: оны тазалау керек. • Тексеріп тазалағаннан кейін, ыдыс жуу машинасын қосып өшіріңіз де, жаңа жуу циклын бастаңыз. • Мәселе шешілмесе, су шүмегін жауып, құрылғыны розеткадан ағытыңыз да, Қызмет көрсету орталығына телефон соғыңыз.

Indesit Company Spa
Viale Aristide Merloni 47
60044 Fabriano (AN)
Italy

www.hotpoint-ariston.com